

АВСТРАЛИЯЛЫҚ КОРРИДЕЛДЕРІН БИАЗЫ-ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРДЫҢ ЖҮН САПАСЫН АРТТЫРУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

А. К. Бозымова, а.-ш. ғылымдарының кандидаты

Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті

Мақалада жергілікті биязы – қылшық қойларының жүн өнімділігі және оның сапасын арттыру бағытындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері берілген. Әртүрлі текті будан қошқарлары ұрпақтарының жүн өнімділігі мен қасиеттері туралы мәліметтері келтірілген. Жергілікті биязы – қылшық жүнді саулықтарды әртүрлі текті етті – жүнді қошқарлармен будандастыру нәтижесінде пайда болған ұрпақтың жүнінің өнімділігімен сапасы анағұрлым жоғары болды.

В статье приведены результаты исследования шерстной продуктивности местных тонкорунно-грубошерстных овец. Изучены шерстные качества ярок-годовиков разного происхождения. В результате скрещивания местных тонкорунно-грубошерстных маток с баранами разного происхождения у потомства значительно повысилась шерстная продуктивность и улучшились шерстные качества.

The research results of wool efficiency of local fine-fleece-loden sheep are resulted in the article. Wool qualities of one year teds of different origin are studied. As a result of crossing of local fine-fleece-loden uterus with rams of different origin, the posterity has considerably raised wool efficiency and has improved wool qualities.

Ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіру жағдайында қой шаруашылығының басқа да бағыттарының ішінде ең тиімдісі тез жетілетін кроссбредті етті-жүнді қойлары болып табылады.

Қазақстанның әртүрлі аймақтарында кроссбредті етті-жүнді бағыттағы қойлардың санын көбейту мақсатында жергілікті сұрыпталмаған биязы-қылшық жүнді саулықтарды отандық және шетелдік асыл тұқымды қошқарлармен шағылыстыру жұмыстары жүргізілуде.

Етті-жүнді қойларды еліміздің басқа да аймақтарында өсіру және осы мал басының санын күрт көбейту қажеттілігі отандық және шет елдік тез жетілетін етті-жүнді қошқарлардың жеткіліксіздігінен туындап отыр, сондықтан таза асыл тұқымды қошқарларды мүмкіндігінше пайдаланумен қатар кроссбредті қойлары тұқымының санын көбейту үшін, құндылығы жоғары будан қошқарларды да толық және тиімді пайдалану қажет.

Батыс Қазақстан облысында қойлардың жаңа тұқымы – ақжайық етті-жүнді кроссбредті қойлары шығарылды. Сонымен бірге мұнда көптеген жергілікті асылдандырылмаған биязы – қылшық және қылшық жүнді будандар да көптеп кездеседі. Бұлардың тірілей салмағы төмен, жүнінің сапасы нашар, шайыры аз, құрғақ, жүн тұлымы мен жабағысы біркелкі емес болады.

Жергілікті қойдың жүн сапасын арттыру мақсатында биязы-қылшық жүнді саулықтарды асыл тұқымды әртүрлі қанды австралиялық корридель будандарымен және ақжайық етті-жүнді қошқарларымен шағылыстыру жүргізілді.

Тәжірибелік тұқымдық қошқарлар элиталық класқа жатқызылды және келесі өнімділік көрсеткіштерімен сипатталды: $\frac{3}{4}$ қанды австралиялық корридель қошқарлары тірілей салмағы 95,5 кг, жүн қырқымы – 8,70 немесе жуылған жүн шығымы 5,95 кг, жүн ұзындығы 12 см, жіңішкелігі 56 сапада; $\frac{1}{2}$ қанды қошқарлар сәйкесінше 103,5; 8,65; 5,60 кг, 13,5 см және 50 сапада; $\frac{1}{4}$ қанды тұқымдық қошқарлар – 110,0 кг, 8,55 кг, 5,46 кг, 14 см және 50-48 сапада, және ақжайық етті-жүнді кроссбредті қошқарлары – 112,0; 9,50; 5,35 кг, 15,5 см және 48 сапада. Атап өтетін нәрсе, ақжайық етті-жүнді қошқарлары австралиялық корридель будандарын тірілей салмағы бойынша 2,0-16,5 кг-ға немесе 1,8-17,3 %-ға, жүнінің ұзындығы бойынша 1,5-3,5 см-ге

немесе 10,7-29,2 %-ға, асып түсті, бірақ жуылған жүн шығымы бойынша 2,11-8,60 кг немесе 2,1-11,2 % кем түсті. Сонымен қатар австралиялық корридель будандары жақсы жетілген ет пішіндерімен және жүнінің сапалылығымен, жабағысы мен жүн тұлымына жақсы біркелкілігімен тең келуімен, иректілігінің анық болуымен, шайырының қоюлығымен ерекшеленетінін атап кету керек.

Аталған қошқарлармен ұрықтандыру үшін жергілікті 2,5 жастағы биязы-қылшық жүнді саулықтардан 4 топ құрылды. Барлық саулықтар тірілей салмағы және жүн өнімділігі бойынша өзара сай болды. Орташа тірілей салмағы 49,3 кг, жуылмаған жүн шығымы 3,1 кг немесе таза жүн күйінде 1,42 кг болды, жүн ұзындығы 6,8 см, жіңішкелігі 64-60 сапада.

Шағылыстыру нәтижесінде алынған қозылар 4-4,5 айлығында енесінен айыру кезеңіне дейін бауырында бірге болды, содан кейін оларды бөлек отарға жинақтап, жайылымға бағуға шығарылды.

Қойлардың жүн сапасын бағалау кезінде қырқылған жүн шығымы, жүн жіңішкелігі, біркелкілігі, ұзындығы, жүннің мықтылығы және таза жүн шығымы сияқты көрсеткіштерге назар аударылды.

Тәжірибелік жануарлардың жүн өнімділігі мен жүн сапасын бір жылдық жасында қырқылған әр жабағысы өлшеніп, университеттің жүн зертханасында зерттеу арқылы бағаланды.

1-кесте – Тұсақтардың қырқылған жүн шығымы мен таза жүн шығымы

Тұқымы	n	Қырқылған жүн шығымы, кг		Жуылған жүн шығымы, %
		жуылмаған M ± m	таза M ± m	
¾ қанды австр. коррид × б.к. жүнді будандары	92	3,30 ± 0,04	1,93 ± 0,03	58,5
½ қанды австр. коррид × б.к. жүнді будандары	89	1,87 ± 0,03	1,87 ± 0,03	56,3
¼ қанды австр. коррид × б.к. жүнді будандары	87	3,34 ± 0,04	1,84 ± 0,04	55,1
АҚЕЖ × б.к. будандары	93	3,37 ± 0,06	1,82 ± 0,04	54,0

Алынған мәліметтерді талдау нәтижесінде қырқылған, жуылмаған жүн шығымы бойынша орташа басымдылық ақжайық етті-жүнді қойларының қошқарларында екенін көреміз. Ол аталған көрсеткіш бойынша австралиялық корридель будан аталықтарынан алынған ұрпақтарынан 0,03-0,07 кг немесе 0,9-2,1 % асып түсті.

Бірақ жүн өнімділігін нағыз (оригинал) жүннің қырқымы бойынша бағалау тиімсіз болып саналады. Сондықтан жүн өнімділігі бойынша толық сипаттаманы жуылған жүн шығымы мен оның салмағы бойынша анықтайды.

Жуылған жүн шығымы бойынша тоқтылар топтары арасында айтарлықтай өзгешеліктері байқалады. Ең жақсы көрсеткіштер австралиялық корридель будандары қошқарларынан алынған тоқтыларда байқалады, олар ақжайық етті-жүнді ұрпақтарын 0,02-0,11 кг-ға, немесе 1,1-6,0 % асып түсті. Жуылған жүн шығымы біріншілерінде 55,1-58,5 %, ал екіншілерінде 54,0 % құрады. Жуылған жүн шығымы бойынша тәжірибелік тоқтылар ақжайық етті-жүнді қойларының ұнамды типті жануарларына қойылатын талаптарға сай келеді.

Бір жастағы тоқтыларды бонитировкалау кезінде зерттелетін топтардың жүн жіңішкелігі бойынша шағылысу түріне қарай әртүрлі болатыны анықталды.

2-кесте – Бонитировка мәліметтері бойынша бір жастағы тоқтылардың жүн жіңішкелігі

Тұқымы	n	Сапасы бойынша бөлінуі, %				
		64	60	58	56	50
¾ қанды австр. коррид × б.к. жүнді будандары	92	10,9	36,9	32,6	19,6	-
½ қанды австр. коррид × б.к. жүнді будандары	89	6,8	25,8	39,3	24,7	3,4
¼ қанды австр. коррид × б.к. жүнді будандары	87	2,3	16,1	44,8	28,7	8,1

Ауыл шаруашылық ғылымдары

Зоотехния

АҚЕЖ × б.қ. будандары	93	-	12,9	46,2	31,2	9,7
-----------------------	----	---	------	------	------	-----

Будандардың түрлі тәсілдері нәтижесінде алынған бір жастағы тоқтылардың жүні негізгі жақсартылмаған биязы-қылшық жүнді саулықтардың жүнімен салыстырғанда артықшылығы басым болды. Сөйтіп, қырқылған таза жүн жағынан $\frac{3}{4}$ қанды австралиялық корридель будандары ұрпақтары өз аналарынан 0,51 кг немесе 35,9 %, $\frac{1}{2}$ қанды австралиялық корридель 0,45 кг немесе 31,7 %, осыған сәйкес, $\frac{1}{4}$ қанды австралиялық корридель 0,42 кг немесе 29,6 %, немесе ақжайық етті-жүнді қошқарлардың төлдері 0,40 кг немесе 28,2 % асып түседі. Сонымен бірге бұл көрсеткіш, жуылған жүн шығымының айтарлықтай өсуімен қатар таза жүн талшығының шығу пайызының көбеюі нәтижесінде биязы-қылшық жүнді саулықтар 45,8, алынған ұрпақтарының 54,0-58,5 кг дейін көбеюі нәтижесінде болды.

Тоқтыларды бір жасында бонитировкалау барысында шағылыстыру түріне қарай жүнінің жіңішкелігіндегі әртүрлілік болатыны анықталды. Зерттелген топтардағы тоқтылардың жүнінің сапасын бағалау нәтижесінде, будандастыру тәсілдеріне байланысты, олардың жүнінің жіңішкелігі де әртүрлі болғаны белгілі болды.

Сонымен, $\frac{3}{4}$ қанды австралиялық корридель қошқарларынан алынған будандардың арасындағы 58 сапада және одан төмен биязылау жүнді тоқтылардың саны 52,2 %; 60 сапада және одан жоғары биязылау жүнді – 47,8, осыған сәйкес $\frac{1}{2}$ қанды австралиялық корриделден – 67,4 және 32,6; $\frac{1}{4}$ қанды австралиялық корриделден – 81,6 және 18,4; ақжайық етті жүнді қошқарлардан – 87,1 және 12,9 % болды. Сондықтан, әртүрлі текті тоқтылардың көпшілігінің жүні биязылау болды, мұнда тоқтылардың кейбір жеке түрлерінің 50-58 сапада ұнамды қажетті түрдегі биязылау жүнді $\frac{1}{4}$ қанды австралиялық корридель және ақжайық етті-жүнді қошқарлармен будандастыру нәтижесінде алынды, осыған сәйкес олардың үлес салмағы 81,6 және 87,1 % болды.

3-кесте – Жүнінің жіңішкелігі мен біркелкілігі

Тұқымы	жабағы саны	жүн жіңішкелігі	М, мкм	± m	± δ	С %
$\frac{3}{4}$ қанды австр. коррид × б. қ. жүнді будандары	3	58	25,6	0,24	5,88	23,09
	2	56	27,21	0,31	6,20	22,78
$\frac{1}{2}$ қанды австр. коррид × б. қ. жүнді будандары	3	58	26,92	0,29	5,80	21,54
	2	56	27,56	0,26	6,37	23,11
$\frac{1}{4}$ қанды австр. коррид × б. қ. жүнді будандары	1	58	25,18	0,47	6,63	26,33
	2	56	28,10	0,39	7,80	27,75
	2	50	29,78	0,42	8,40	28,21
АҚЕЖ × б. қ. будандары	1	58	26,25	0,46	6,49	24,72
	3	56	27,70	0,28	6,86	24,77
	1	50	30,11	0,53	7,47	24,81

Түрлі топтағы тоқтылардың жүнінің орташа ұзындығы 9,5-тен 11,3 см аралығында болды, бұл кезде ең ұзын жүнге ақжайық етті-жүнді қошқарларынан алынған ұрпақтары ие болды, олар австралиялық корридель будандарынан 0,6-1,8 см немесе 5,6-18,9 % асып түсті.

Жүнінің мықтылығы 9,82-10,6 сН/текс тең болды, олардың ішінде ең жақсы көрсеткіш ақжайық етті-жүнді қойларының ұрпақтарында болды, будан тоқтылар австралиялық корридель будандарынан артық 0,15-0,78 сН/текс, немесе 1,4-7,9 % асып түсті.

Жуылмаған жүндегі майының мөлшері бойынша әр топтағы тоқтылардың көрсеткіші 8,95-тен 11,3 %, таза майсыздандырылған жүні 12,1-14,7 % құрады. Бұл кездегі ең төменгі көрсеткіш ақжайық етті-жүнді будандарынан алынды, олар австралиялық корридель ұрпақтарынан 1,7-2,6 % төмен болды.

Әртүрлі текті қошқарлармен шағылыстыру нәтижесінде алынған будандардың жүн жабағысы зертханалық зерттеу арқылы сарапталды. Осының нәтижесінде, олардың жақсы біркелкілігі және жіңішкелігі ұнамды типті кроссбредті жүнге ие екені анықталды және $\frac{3}{4}$ қанды австралиялық корриделдердің ұрпақтарының жүні екі түрлі сапада болса, ал ақжайық етті жүнді және $\frac{1}{4}$ қанды австралиялық корридель қошқарлардың будандары жүні үш сапада екендігі анықталды (3-кесте).

Биометриялық өңдеуі нәтижелерінің көрсетуі бойынша тәжірибелік тоқтылардың жүні талшықтарының жіңішкелігі бойынша жүн тұлымында жақсы біркелкілігі байқалды. Бұл кездегі орташа квадраттық ауытқу жүн 58 сапада бойынша 6,63; 56-7,80 және 50 сапада бойынша – 8,40 мкм аспайды, ал жүн талшықтарының жіңішкелігі бойынша теңсіздік коэффициенті сәйкесінше 26,33, 27,75 және 28,21 % болды. Мұнда айта кететін нәрсе, жүн жіңішкелігіне қарай кроссбредті жүнге қойылатын талаптарға сәйкес келді. Жүнінің біркелкілігі жағынан $\frac{3}{4}$ және $\frac{1}{2}$ австралиялық корриделдердің ұрпақтары көзге түседі, орташа квадраттық ауытқуы және коэффициенттерінің біркелкі болмауы 5,8-6,67 мкм және 21,54-23,11 арасында ауытқып тұрады.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, жуылған жүн шығымы бойынша бір жасар тоқтылар ақжайық етті-жүнді тұқымы қойларына қойылатын талаптарға сай келетіні анықталды. Бұл жерде ең жоғары өнімділік көрсеткіштеріне ие болған австралиялық корридель тұқымының төлдері ақжайық етті-жүнді қошқарлары ұрпақтарынан 0,02-0,11 кг немесе 1,1-6,0 % асып түсті. Жүн жабағысы мен тұлымының біркелкілігі бойынша ең жоғары көрсеткішке ие болған ұрпақтар $\frac{3}{4}$ және $\frac{1}{2}$ қанды австралиялық корриделдерден алынды.

Сонымен, жергілікті биязы-қылшық жүнді саулықтарды әртүрлі текті етті-жүнді қошқарлармен будандастыру нәтижесінде пайда болған ұрпақтың жүнінің өнімділігімен сапасы анағұрлым жоғары болды.

ӨОЖ: 636.32/38.082

ӘРТҮРЛІ ТЕКТІ ҚОШҚАРЛАРЫ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

К. Г. Есенғалиев, а.-ш. ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада Батыс Қазақстан облысындағы ақжайық етті-жүнді кроссбредті қойларының еркек қозыларының ет өнімділігі берілген. Әртүрлі текті будан қошқарлары ұрпақтарының ет өнімділігі мен сапасы туралы мәліметтері келтірілген. Будандастыру арқылы алынған етті – жүнді еркек қозылар өзінің ірілігімен, тез жетіліп өсуімен, ет сапасымен және жоғарғы еттілік көрсеткіштерімен ерекшелінеді.

В статье приведены данные о мясной продуктивности баранчиков акжаикской мясо-шерстной кроссбредной породы, разводимых в Западно-Казахстанской области. Изучены мясная продуктивность и качество мяса потомства баранов разного происхождения. Полученный молодняк от скрещивания с баранами разного происхождения отличается крупностью, скороспелостью, высокой мясной продуктивностью и качеством мяса.

The data of productoin of Akzhaik meat-wool crossbreed sheep which grows up in West Kazakhstan region are given in the article. Meat production and quality of meat got from different breed of sheep is studied. The cubes got from crossing with different rams are distinguish by size, they are big, precocity, high meat production and high quality meat.

Қой етінің басқа ауыл шаруашылығы жануарларының етінен құрамында холестериннің аз болуымен ерекшеленетіні белгілі. Қой етінде сиыр және шошқа етімен салыстырғанда холестерин 2,5-4,3 есе аз болады. Сонымен қатар жас қойдың еті өзінің дәмдік қасиетіне қарай еттің ең жоғары сапалы түріне жатқызылады, ал қойларды етке сою және тапсыру уақыты тұтынушылар сұранысы мен халықтың салт дәстүріне байланысты.

Кроссбредті қой шаруашылығы мал шаруашылығының осы саласының ішінде ең жасы болып табылады және оның болашағы зор екені әлемдік тәжірибеде дәлелденген. Сондықтан кроссбредті етті-жүнді қойлардан алынатын өнімдері – кроссбредті жүн, қозы еті, қой еті және